

8D05108- Геоботаника мамандығы бойынша PhD дәрежесін ізденуші А. Р. Алдибекованың «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі соғды шағанының (*Fraxinus sogdiana* Bunge) экология-биологиялық ерекшеліктері» тақырыбы бойынша философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшісінен

П І К І Р

Ежелгі үштік кезеңнен сақталған жалпақ жапырақты ормандар қалдығы болып табылатын, реликт түр, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына кірген, зәйтүндер тұқымдасына жататын, саны қысқарып бара жатқан, өте сирек кездесетін ылғал сүйгіш түр Соғды шағаны - *Fraxinus sogdiana* ағашының Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі қазіргі жай күйін бағалауға арналған диссертациялық жұмыстың құндылығы аса жоғары. Себебі, қазіргі уақытта Шарын МҰТП аумағында туризмнің қарқынды дамуына, жаһандық климаттық жағдайлардың өзгеруіне және Мойнақ гидроэлектростанциясы өз жұмысын бастауына, өзеннің гидрологиялық режимінің өзгеруіне байланысты шаған тоғайының таралу алаңы азайып, деградацияға ұшырау қаупі бірнеше есеге артуда. Сондықтан, ең алдымен, антропогендік және табиғи жолдармен өзгеріске ұшырауының ең осал тұстарын айқындауда, биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында, ежелден келе жатқан, сирек кездетін бірегей ағаштың қазіргі жай-күйіне баға беру аса өзекті мәселе.

«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде Соғды шағаны реликтік қауымдастығының флористикалық құрамы мен қазіргі заманғы синтаксономиялық әртүрлілігін айқындау барысында, қазіргі таңда өсімдіктердің 84 тұқымдас, 406 туысқа кіретін 915 түрі анықталған. Олардың ішінде 13,98%, Asteraceae Dumort – Күрделігүлділер тұқымдасының түрлері басым. Сонымен қатар, Poaceae Barnhart - Астық тұқымдастарының түрлері – 9,07% және 8.08% - Fabaceae Lindl. Бұршақ тұқымдастар. ҚР Қызыл кітабына енгізілген 31 түр айқындалған.

Алғаш рет анатомиялық және фитохимиялық ерекшеліктері анықталып *F. sogdiana* жапырақ тактасында моторлы клеткалардың кездесетіндігі, Боралдайда сабағы клетка қабырғаларының кутинизациясы ксерофиттік белгілерін көрсеткен, ал Темірлік өзенінің аймағындағы өсімдіктерде мезофиттік белгілер басым болған. *F. sogdiana* жапырағы сығындысына жасалынған хроматографиялық талдау нәтижесі 71 химиялық қосылыстардың барын көрсетсе, Түркістан облысынан алынған сығындыда 60 компонент табылған.

Ғарыштық түсірілімдермен далалық зерттеулер негізінде «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде *F. sogdiana* таралу картасы жасалынды; «Шарын» МҰТП өсімдік жамылғысының кеңістіктік құрылымына баға

берілген, 39 іріктелген контурлар белгіленген, «Шарын» МҰТП өсімдік жамылғысының картасы жасалған. Карта Соғды шағаны Шарын өзені аңғарында жақсы дамығандығын, Темірлік өзені жағалауында азайып бара жатқандығын аңғартады.

Климаттың өзгеруіне байланысты соғды шағаны (*Fraxinus sogdiana* Bunge) өсімдігінің кеңістікте таралу ерекшеліктерін анықтау үшін климаттық деректерге ретроспективті талдау жүргізіліп, қазіргі жағдайы бағаланған. Шарын өзенінің жайылмасындағы популяцияда жастық күйлерінің спектрлері солға қарай жылжиды, бұл популяцияның «жастығын» көрсетеді, қартайған және өліп бара жатқан дарактардың аз болуы ересек ағаштардың ертеректе шаруашылық қажеттіліктері үшін кесілгенін нақтылайды. Темірлік өзенінің жайылмасындағы популяцияда жастық күйлерінің спектрлері оңға қарай жылжиды, өскін және ювенильді кезеңі дарактары мүлдем жоқ болуына орай, ол түрдің болашақта жойылып кету қаупі бар, сондай-ақ қартайған кезеңдерінің өте аз болуы антропогендік факторға тәуелді.

Алмагуль Алдибекова диссертациялық жұмысында алдына қойылған міндеттер толығымен орындалып, мақсаты толық ашылған. Ол биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында қызыл кітапқа енген, реликт соғды шағаны- *Fraxinus sogdiana* Bunge түрінің морфологиялық, анатомиялық құрылысын айқындап, фитохимиялық құрамын анықтап, «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде өсетін қауымдастықтарының флоралық құрамын анықтап, кеңістікте таралуын зерттеп, картасын құру арқылы қазіргі жағдайына баға бере білді. Ғылыми жұмысына аса жауапкершілік таныта білді. 8D05108- Геоботаника мамандығы бойынша PhD дәрежесін ізденуші А. Р. Алдибекованың «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі соғды шағанының (*Fraxinus sogdiana* Bunge) экология-биологиялық ерекшеліктері» тақырыбы бойынша философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған ғылыми жұмыс деп, ал авторы А. Р. Алдибекова геоботаника мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:

**отандық ғылыми жетекшісі,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті, Биология және биотехнология
факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор м.а.**

ak

Курманбаева М.С.

Қолын растаймын
Подпись заверяю

Курманбаева М.С.

